

ӘР СЫНЫП БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР САНЫНА ҚАРАЙ КӨБЕЙТІЛУІ КЕРЕК

Оқылым 11-сынып

Туризм кез келген мемлекеттің экономикасы мен әлеуметтік-қоғамдық өмірінде ерекше орын алатын сала. Кез келген елдің халықаралық байланыстары мен экономикасын дамытуға туризм өзіндік үлесін қоса алады. Сондай-ақ, сыртқы сауда байланысын арттыру мен жұмыс орындарының анағұрлым мол ашылуы секілді мәселелерге аталмыш сала өз әсерін тигізеді. Мемлекетімізде туризм саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Елімізде ішкі және сыртқы туризм бірдей өркендеп келеді. Халқымыздың әл-ауқаты артып, ел экономикасы дамығалы еліміздің азаматтары да туристік сапарларға жиі шығатын болды.

Туристік сапарларға арналған фирмалар біздің қалада көп. Теледидар жарнамалары арқылы туристік фирмалармен танысуға болады. Ерсін де теледидар жарнамалары арқылы бірнеше туристік фирмалармен танысып шықты. Ол достарымен ақылдаса келе биылғы кезекті еңбек демалысында отбасымен туристік сапарға шығуды жөн көрді. Туристік сапарға шықпас бұрын туристік бағдарламамен танысу керек. Ол өзі таңдаған «Саяхатшы» туристік фирмасының бағдарламасымен танысу мақсатында фирмаға барып келді. «Саяхатшы» туристік фирмасы Абай даңғылының бойында орналасқан екен. Абай даңғылының бойында үлкен ғимараттар өте көп. Солардың бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы театр. Ерсін іздеген туристік фирманың кеңсесі де осы театр жанында орналасқан екен. Ерсін көп қиналмастан «Саяхатшы» фирмасының кеңсесін тез тауып барды.

Әріптестік байланыс орнату арқылы жұмыстың сапасын арттыруға болады. «Саяхатшы» туристік фирмасы да қаламыздағы барлық туристік фирмалармен тығыз байланыста еңбек етеді. Фирма қызметкерлері де сыпайы, мәдениетті екен. Олар келушілерге сапалы қызмет көрсетуде. Ерсінге қызмет көрсеткен Жанар өз ісінің нағыз білгірі екен. Ол лезде Ерсінді қызықтырған сауалдарға жауап беріп, еліміздегі демалыс орындар туралы толық мәлімет берді. Туристік фирмалардың жеңілдіктерін пайдалану арқылы табысы орташа адамдар да алыс сапарларға баруына болады.

Ерсін ойлана келе Көкшетауға барып демалуды жөн көрді. Ол бала күнінен Бурабай көлдерін, әйгілі Оқжетпес пен Жұмбақтасты көруге құмартушы еді. Көкшетауды «Қазақ Швейцариясы» деп атайды. Бұл атына заты сай жер. Көкшенің биік таулары, тұнық мөлдір көлдері, хош иісті гүлдер мен жидекке толы ормандары көрген адамды таңдандырады. Көкшетаудың солтүстік батысында «Алтын тоғай» атты туристік база бар. «Бурабайға» баратын жол орманның арасынан өтеді. Жолдың бойында өсіп тұрған ару ақ қайыңдар, қарағайлы ормандар, күміс күлкісімен сылдырап ағып жатқан мөлдір бұлақтар көздің жауын алады.

«Бурабай» минералды суларымен, шипалы балшығымен белгілі аймақ. Көкшетаудың әсем табиғаты барша қазақстандықтардың мақтанышы. Оның жұпар ауасы дертке дауа.

Ерсін отбасы мүшелеріне, әсіресе, ұлы мен қызына отанымыздың көрікті аймағы Көкшені көрсеткісі келді. Өйткені ол балаларының өз елінің нағыз патриоты болып өскенін қалайды.

Туристік сапарларға ұшақпен барған тиімді. Ерсін отбасымен Бурабайға ұшақпен баратын болды.

1. Мәтінде жауабы бар сұрақты таңдаңыз.

- A) Ерсін «Алтын тоғай» туристік базасына бұрын барған ба?
- B) Көкшетаудың солтүстік батысында қандай туристік база бар?
- C) «Алтын тоғай» туристік базасы Алматы қаласында орналасқан ба?

D) Көкшетаудың оңтүстік батысында «Саяхатшы» туристік базасы бар ма?

2. Мәтінге сәйкес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Ерсін – Көкшетау қаласының тұрғыны.
- B) Ол достарына Бурабай көлдерін көрсетуге құмар еді.
- C) Ерсін отбасы мүшелеріне Көкшетауды көрсеткісі келді.
- D) Көкшетау қаласында «Бурабай» туристік базасы ашылды.

3. Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз.

- A) сапар, жарнама, ұшақ, туризм
- B) Ерсін, сапар, туристік фирма, Көкшетау
- C) Ерсін, туристік фирма, бағдарлама, қарағай
- D) Ерсін, Жанар, туристік фирма, демалыс, бұлақ

4. Мәтін бойынша толық және нақты ақпаратты табыңыз.

- A) Көкшетау өлкесінің табиғаты өте әдемі.
- B) Көкшетауда «Саяхатшы» туристік фирмасы бар.
- C) Қазақстандықтар Көкшетауда демалғанды ұнатады.
- D) Көкшетаудың сұлу табиғаты, жұпар ауасы – дертке дауа.

5. Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Ерсін туристік фирмаға не үшін келді?

- A) жарнама беру үшін
- B) жұмысқа орналасу үшін
- C) фирманың бағдарламасымен танысу үшін
- D) фирма қызметкерлерімен жақын танысу үшін

6. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңыз.

- A) Сыртқы туризмнің дамуы туралы ақпарат беріледі.
- B) Еліміздегі ішкі туризмнің дамуы туралы баяндалады.
- C) Еліміздегі туризм мен Ерсінің сапарға шығуы туралы баяндалады.
- D) Ел туризмінің дамуы мен Ерсінің туристік фирмасы туралы айтылады

7. Мәтінге нақтырақ тақырып таңдаңыз.

- A) Отандық туризм
- B) Саяхатқа дайындық
- C) «Қазақ Швейцариясы»
- D) Арман болған Жұмбақтас

8. Мәтін мазмұнын нақтылайтын қорытындыны таңдаңыз.

- A) «Алтын тоғай» – қала халқына танымал туристік фирма.
- B) Бүгінде туризм саласын дамытуға ерекше көңіл бөлінбей отыр.
- C) Мемлекетімізде ішкі және сыртқы туризм бірдей дамып келеді.
- D) «Бурабай» – минералды суларымен, емдік балшығымен әйгілі өлке.

9. Мәтіндегі маңызды емес ақпаратты таңдаңыз.

- A) Ерсін демалысын Көкшетауда өткізбекші.
- B) Жанар – «Саяхатшы» туристік фирмасының қызметкері.
- C) Көкшетаудың сұлу табиғаты көрген адамды таңдандырады.
- D) Ерсін балаларының өз елінің патриоты болып өскенін қалайды.

10. Мәтін мазмұнына сәйкес жауапты табыңыз.

Туристік сапарға шықпас бұрын адамдар не істеу керек?

- A) туристік бағдарламамен танысуы керек
- B) фирмаға барып, гид сұрауы тиіс
- C) Туризм және спорт министрлігіне хат жазуы керек
- D) Баратын жерін таңдауы керек

2-тапсырма. Мәтінді оқып, астындағы тест тапсырмаларын орындаңыз.

Мәтінді оқып, алдымен төмендегі кестеге берілген мәтін үзінділерінің ретін жазыңыз, содан соң мәтіннен кейінгі тест тапсырмаларын орындаңыз.

	Г
1	
2	
3	
4	
5	

Байлық пен ақыл

А. Шалға кенже ұлының жауабы ұнайды. Ол өзінің мұрагері етіп кіші ұлын белгілепті. Үлкен балаларына інісінің айтқанынан шықпауды өсиет етіпті.

Ә. Сонда үлкен ұлы асыл тасты жүзік салған қолын көрсетіп:
- Міне, менің байлығым. Ал кім бай болса, сол ақылды, - депті.

Б. Үшінші ұлы күміспен және тастармен әшекейленген белдігін буынады да: Мұндай белдікті ешкім ешқашан буынып көрген жоқ, - дейді.

В. Әкесі үлкен балаларына қарап басын шайқайды да, кіші ұлына: Сен неге үндемейсің? Сен қандай байлығыңмен мақтанасың? - дейді. Сонда кенжесі:
- Менің асыл тасты жүзігім де, сәнді киімім де, қымбат тастармен әшекейленген белдігім де жоқ. Тек еңбексүйгіш екі қолым, қайрат жігерге толы жүрегім ғана бар, - депті.

Г. Бір шалдың төрт ұлы болыпты. Бір күні шал ұлдарын жинап алып: Мен қартайдым. Біреуіңнің үй иесі болатын уақыттарың жетті. Кімнің ақылы мен байлығы сай болса, сол мұрагерім болады. Әрқайсың маған байлықтарың мен ақылдарыңды көрсетіңдер, - депті.

Ғ. Екінші ұлы асыл киімдерін киіп, әдеміленіп келеді де: Мені осы түрімде көргендер ақылым мен байлығымның алдында бас иеді, - дейді.

Тест тапсырмалары:

6. Шал балаларын не үшін жинаған?

- A) ақыл айту үшін
- B) мұрагерін таңдау үшін
- C) қонақ шақыру үшін
- D) өкпесін айту үшін

7. «Өсиет» сөзінің синонимі

- A) сыйлық
- B) аманат
- C) байлық
- D) өкініш

8. Үлкен үш ұлдың айтайын деген негізгі ойы не?

- A) Денің сау болса, бай боласың.
- B) Екі қолың мен басың негізгі байлығың.
- C) Кім бай болса, сол ақылды.
- D) Адал болсаң, бай боласың.

9. Бұл аңыз не туралы?

- A) достық
- B) еңбекқорлық
- C) елжандылық
- D) балалық

10. Мәтінге сәйкес даналық сөзді белгілеңіз.

- A) «Өлмейтін өмір кілті – өнерде» (Қорқыт ата)
- B) «Адалдық артық, арамдық жаман» (Ш.Құдайбердиев)
- C) «Өз елін сүймеген адам ештеңені де сүйе алмайды» (Б.Байрон)
- D) «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» (Абай)